

## КӨНІА ТЕРБЕТКЕН КӨРКЕМӨНЕРПАЗДАР БАЙҚАУЫ

Бұланды төрін дүбірге бөлеп «Өнер – халық қазынасы» атты облыстық көркемөнерпаздар халық шығармашылығы байқауының гала концерті өтті. Бабадан мирас болған төл өнерді өскелең ұрпаққа насихаттау, ел ішінен талантты жандарды анықтап, оларға қолдау көрсету мақсатында өтетін көркемөнерпаздар байқауының мақсаты ерен, маңызы зор. Аудан өнерпаздарының өнерлерін бағалап, әділ бағаларын берген қазылар алқасының құрамында: Облыстық Халық шығармашылық және мәдени демалыс орталығы директорының міндетін атқарушы Асхат Батырханұлы Магавин, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі, дәстүрлі әнші, Қазақстан Республикасының және Көкшетау қаласының құрметті азаматы Бисара Макенқызы Макенова, Көкшетау қаласындағы Ақан сері атындағы жоғары мәдениет колледжінің хордирижерлау бөлімінің оқытушысы, «Мәдениет саласының үздігі» құрмет белгісінің иегері Асылтас Балапайқызы Тасымова, Облыстық халық шығармашылық және мәдени демалыс орталығының көркемдік жетекшісі, «Мәдениет саласының үздігі» құрмет белгісінің иегері

Тоқтарбек Құрманұлы Қалдырбаев, Ақмола облыстық Әдеби және өнер музейінің ғылыми қызметкері, ҚР Мәдениет саласының үздігі Бақытбек Бекмұратұлы және Облыстық халық шығармашылық және мәдени демалыс орталығының халық шығармашылығы бөлімінің басшысы Гүлмира Алдабергенқызы Мұхамеджанова болды.

Шығармашылық байқау «Ритм» халықтық көркемөнерпаздар ұжымының биімен басталды. Мың бұралған биші қыздардың әсем қимылдары кеш шымылдығын ашса, «Перне» балалар ансамблі «Көк дөнен» күйін орындады. Дәстүрлі әншілер Сертай Нұржанов, Гүлназия Бисенова және Альяна Бергазықызы халық әндерін орындап көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Ел жүрегінен орын алған «Арыс жағасында» әнін «Бұланды назы»

фольклорлық ансамблі жеке орындауда Рауза Киикова шырқады. Бұл әннің сөзін қазақ руханиятының асқартауы Мұхтар Шаханов, әнін Шәмші Қалдаяқов шығарған еді. Ақ жаулықты әжелерімізден құралған «Ақ жаулық» халықтық көркемөнерпаздар ұжымының, Жұлдыз Тілеуханова және Дина Баймбетованың шырқаған әсем

әндері көпке дейін көпшіліктің көңілін толқыттары хақ. Сондай-ақ, «Алтынай», «Сердало» би ұжымдары мен «Виртуоз» цирк студияларының өнерлері қазылар алқасының оң бағасын алды. Домбыра, баян, қобыз аспаптарында өнер көрсетіп ән шырқаған «Атамұра» ансамблі және саксафон аспабында ойнаған Жансейіт Түкібаев

көрермендердің қошеметіне бөленді. Көркемөнерпаздар байқауын «Саз» тобы «Махаббатым – Қазақстаным» әнімен түйіндеді. Қазылар алқасы өз ойларын ортаға салып, жақсы пікірлерін айтып, қатысушыларды Алғыс хаттармен марапаттады.

Ж. ЗАНДЫБАЙ.



## ТАЗА ОРТА – ОРТАҚ МІНДЕТ



Елімізде кеңінен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясында біздің қаламызда да тазалық жұмыстары жүргізіліп келеді. Аталған бастама қоршаған ортаны қорғауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

Өткен сенбі күні ауданымыздың ауылдық округтерінде және аудан орталығында экологиялық сенбілік ұйымдастырылып, Тас карьеріне апаратын жол аумағы ерекше назарға алынды. Бұл аумақта жиналған тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстар тазартылып, айнала ретке келтірілді. Тазалық жұмыстарына мемлекеттік қызметкерлер, еріктілер, жастар және қала тұрғындары белсенді түрде қатысты.

Іс-шараның басты мақсаты – табиғатты аялау, қоршаған ортаны лаптамау мәдениетін қалыптастыру және әрбір азаматтың экологияға деген жауапкершілігін арттыру. Себебі таза орта – денсаулықтың, қауіпсіздіктің және болашақ ұрпақтың кепілі.

Айта кету керек, мұндай акциялар бір реттік шара емес, жүйелі түрде жалғасуы нұр үстіне нұр. Қала тазалығы – тек коммуналдық қызметтердің ғана емес, барша тұрғындардың ортақ міндеті. Әрбір адам өз ауласын, өз көшесін таза ұстаса, қаламыз да көркейе түседі.

«Таза Қазақстан» акциясы – бұл тек тазалық емес, бұл – сана жаңғыруының көрінісі.

А. ЕРМЕКҚЫЗЫ.



## Патриотизм – это верность Родине в словах и делах

В последние годы отдел образования Буландынского района направляет учащихся 10-х классов на учебно-полевые сборы, которые проводятся на территории оздоровительного лагеря «Парус», расположенного в живописном Зерендинском районе Ақмолинской области. В этом году в данном мероприятии приняли участие 118 будущих солдат, получив возможность совершенствовать свои навыки начальной военной подготовки.

Основная цель учебно-полевых сборов – не только формирование практических навыков по основам военной службы и закрепление теоретических знаний, но и воспитание у подростков любви к Родине, верности своему народу, патриотических чувств и гражданской ответственности.

В ходе сборов учащиеся осваивают строевую

подготовку, воинскую дисциплину, основы обращения с оружием, действия в чрезвычайных ситуациях, а также навыки оказания первой медицинской помощи. Такие практические занятия закаляют подрастающее поколение, воспитывают выносливость, смелость и чувство коллективизма.

Учебно-полевые сборы – это не только площадка военной подготовки, но и настоящая школа жизни. Здесь учащиеся учатся преодолевать себя, брать ответственность, ценить дружбу и единство. Особенно занятия на природе способствуют укреплению здоровья и духовному развитию.

Сегодняшняя молодежь – это завтрашние защитники Отечества. Поэтому значение подобных сборов невозможно переоценить. Они воспитывают

у подрастающего поколения любовь к Родине и готовность всегда защищать свою страну. Патриотизм – это одно из самых важных и благо-

родных качеств, которое должно быть в сердце каждого гражданина.

А. АМАНЖОЛОВА.



# АҢЫЗ АДАМ

## Мұхтар Шаханов өмірден өтті

Қазақстанның Халық жазушысы Мұхтар Шаханов өмірден өтті. Көрнекті ақын, драматург, қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері 84 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Мұхтар Шаханов - қазақ әдебиетіне өлшеусіз үлес қосқан заңғар тұлға. Ол өз ғұмырын шығармашылыққа, ұлт руханиятына арнап, кейінгі ұрпаққа өнеге болатын мол мұра қалдырды. Шығармалары әлемнің 50-ден астам тілінде жарық көрді.

Мұхтар Шаханов 1942 жылы 2 шілдеде Түркістан облысы, Төле би ауданындағы Қасқасу ауылында дүниеге келген. Ақынның әкесі қари молда болған, ол Мұхтар 9 жаста болған кезде дүниеден өтеді. Анасы 13 құрсақ көтерген.

«Алғашқы өлеңімді бала кезімде жаздым, кейін 16 жасымда республикалық газетке шықты. Сол кезде «16 жасар ақын шықты» деп жарияланды. Бүкіл Қазақстан шулады. Елдің түкпір-түкпірінен 400-ден аса хат келді. Екі адам іздеп келді, оның бірі – Шәмші Қалдаяқов, екіншісі – қазақтың дара тұлғалы ақыны Төлеген Айбергенов», - дейді бір

естелігінде Мұхтар Шаханов.

Мұхтар Шаханов 1961-65 жылдары Шымкент педагогикалық институтында білім алған. Оқуды бітірген соң «Оңтүстік Қазақстан» газетінде корректор (1960-65 жж.), «Лениншіл жас» газетінде (1965-70 жж.) оңтүстік өңірдегі меншікті тілші, отандық телевизия, радио, редакцияларда жұмыс істеді. 1976 жылдан Қазақ КСР министрлер кеңесінің баспа, полигра-



фия және кітап саудасы жөніндегі мемлекеттік комитетінде бөлім бастығы қызметін атқарды.

1986 жылы «Жалын» журналының бас редакторы қызметіне кірісті. 1988 жылы республикада тұңғыш құрылған экологиялық қоғамы – Арал мен Балқаш мәселесі жөніндегі қоғамдық комитеттің төрағасы болды. 1986 жылы Желтоқсан көтерілісі кезінде қазаққа «ұлтшыл» деп айып

таққан КОКП орталық комитеті саяси бюросының қаулысына қарсы бас көтерді. Мұхтар Шаханов «Наурыз» мерекесінің 62 жылдан кейін қайта салтанат құруына мұрындық болды.

1989 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. 1992 жылы Олжас Сүлейменовпен бірлесіп, «Халық конгресі» партиясын құрды. 1993-2003 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Қырғыз Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі қызметін атқарды. 2004-2007 жылдары ҚР парламенті мәжілісінің депутаты болды.

Ақынның алғашқы өлеңі 1959 жылы жарияланды, ал «Бақыт» аталатын тұңғыш жыр жинағы 1966 жылы басылып шықты. Одан кейін 1968 жылы «Балладалар», 1970 жылы «Ай туып келеді», 1974 жылы «Қырандар төбеге қонбайды», 1976 жылы «Сенім патшалығы» кітаптары шықты.

Мұхтар Шаханов 60-тан аса елден 120-ға тарта сыйлық алған. 2002 жылы Эйнштейн атындағы алтын медаль берілді.

## Мұхтар Шахановтың 5 тарихи ерлігі

**Қазақтың атақты ақыны Мұхтар Шаханов 84 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Бұл хабарды тек әдеби орта ғана емес, тұтас қоғам ауыр қабылдады. Өйткені ол поэзиямен шектелген тұлға болған жоқ. Оның есімі қоғамдық пікір қалыптастыру, тарихи әділеттілік мәселелерін көтеру және нақты саяси шешімдерге ықпал ету сияқты үдерістермен тығыз байланысты.**

М. Шахановтың шығармашылығы мен қызметін қатар қарастырғанда, оның сөз бен әрекетті ұштастыра алғанын көруге болады. Ол әдеби мәтін арқылы ғана емес, қоғамдық бастамалар, депутаттық мінбер, ашық мәлімдемелер арқылы да ықпал етті. Сондықтан оны ел тек ақын ретінде емес, кеңестік кезеңнің соңғы жылдарында және тәуелсіздік дәуірінде қоғамдық процестерге белсенді араласқан саяси қайраткер деңгейінде таныды. Біз оқырман қауымға Мұхтар Шахановтың саясат сахнасында жасаған бес ерлігін ұсынамыз:

1. Мұхтар Шаханов 1989 жылғы

6 маусымда Мәскеуде өткен КСРО Халық депутаттарының I съезі барысында сөз сұрамай-ақ мінберге шығып, Желтоқсан оқиғасына қатысты нақты деректерге сүйенген мәлімдеме жасады. Сол кезеңде 1986 жылғы көтеріліс ресми түрде «ұлтшылдық» ретінде бағаланып, оған қатысқан жастар қудаланып жатқан еді. Шаханов көтерген мәселе нәтижесінде арнайы комиссия құрылып, іс қайта қаралды. Комиссия қорытындысында КОКП Орталық Комитеті қабылдаған саяси бағалаудың негізсіздігі дәлелденіп, сотталғандардың бір бөлігі ақталды. Бұл қадам кеңестік жүйе жағдайында жабық тақырыпты ресми деңгейде қайта қарауға мүмкіндік берген сирек жағдайлардың бірі болды.

2. 1926 жылдан кейін тоқтатылған Наурыз мейрамы кеңестік кезеңде «ескіліктің қалдығы» ретінде қарастырылып келген. 1988 жылы Мұхтар Шаханов Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Геннадий Колбин атына жолдаған хатында Наурызды мәдени дәстүр ретінде қайта енгізудің саяси қауіпсіз екенін негіздеп көрсетті. Сол жылы Алматыда мере-

ке алғаш рет ресми түрде аталып өтті. Бұл шешім ұлттық дәстүрлерді қайта жаңғыртуға бағытталған алғашқы нақты қадамдардың бірі ретінде бағаланады.

3. 1989 жылғы 22 қыркүйекте қабылданған «Тілдер туралы» заң қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берді. Заңды талқылау мен қабылдау процесінде Шаханов қатысқан депутаттар тобы қазақ тілінің құқықтық мәртебесін бекіту мәселесін белсенді түрде көтерді. Кейінгі жылдары да ол тіл саясатына қатысты пікірін ашық білдіріп отырды. Мысалы, 2009 жылы ұсынылған «қазақстандық ұлт» концепциясына қарсы шығып, қоғамда кең талқылау туындауына ықпал етті. Бұл жағдай тіл мәселесінің тек мәдени емес, саяси сипатқа ие екенін көрсетті.

4. 1980-жылдардың екінші жартысында Арал теңізінің тартылуы тек табиғи емес, әлеуметтік және саяси сипат алған күрделі дағдарысқа айналды. Осы кезеңде Мұхтар Шаханов бастамасымен 1987 жылы Қазақстан Жазушылар одағы жанынан Арал, Балқаш және жалпы республикадағы экологиялық мәселелерге назар аударатын қоғамдық комитет құрылды.

Бұл ұйымның негізгі мақсаты – Арал өңіріндегі экологиялық апаттың салдарын жеңілдету ғана емес, сонымен қатар халықтың әлеуметтік жағдайына қолдау көрсету және мәселені кең қоғамдық деңгейге шығару болды. Комитет қызметі арқылы экологиялық дағдарыс алғаш рет жүйелі түрде қоғамдық дискурста енгізілді.

Комитеттің жұмысы тек ішкі шеңберде шектеліп қалмай, халықаралық деңгейге бағытталды. 1988 жылы ұйымдастырылған «Арал-88» экспедициясы мен түрлі ақпараттық акциялар Арал мәселесін ғылыми қауымдастық пен халықаралық ұйымдардың назарында ұстауға ықпал етті. 1991 жылы құрылым «Арал-Азия-Қазақстан» халықаралық комитеті болып қайта жасақталып, қызмет ауқымы бағытталған нақты ұсыныстар әзірленді. Комитеттің бастамаларының бірі – Арал аймағындағы көмекке зәру нысандарды анықтау және оларды халықаралық қолдау тетіктерімен бай-

ланыстыру болды. Бұл бағытта әлемдік деңгейдегі қорлармен байланыс орнатылып, нақты жобаларға назар аударылды. Сонымен қатар, экологиялық мәселелерді ғылыми тұрғыдан зерттеу қажеттілігі туындап, осы мақсатта қоғамдық негіздегі академиялық құрылымдар қалыптасты. Комитет қолдауымен құрылған қоғамдық академия Арал және Қазақстан экологиясын кешенді зерттеуге бағытталды, ал «Арал сыйлығы» сияқты бастамалар бұл мәселеге халықаралық деңгейде назар аударудың бір тетігіне айналды.

5. Шахановтың әдеби еңбектері де қоғамдық ойға әсер ету құралына айналды. Оның «Шыңғыс ханның пенделік құпиясы» поэмасы тарихи тұлғаларды жаңаша пайымдауға бағытталса, Шыңғыс Айтматов пен бірлескен «Құз басындағы аңшының зары» еңбегі түркі халықтарының ортақ тарихи тәжірибесін қарастырады. Бұл шығармаларда көшпенді өркениетке қатысты қалыптасқан біржақты көзқарастарға балама ұсынылып, тарихи сананы қайта қарау мәселесі көтеріледі.

**Ж. ЖЫЛҚЫБАЙҰЛЫ.**

## Ақын, күрескер, тұлға: Мұхтар Шахановтың көпшілік біле бермейтін қырлары

Қазақ әдебиеті орны толмас қазаға ұшырады. Көрнекті ақын, драматург, қоғам қайраткері, Қазақстанның Еңбек Ері, Халық жазушысы Мұхтар Шаханов 84 жасқа қараған шағында дүниеден озды. Қалың жұрт оны өр рухты ақын, ұлт мүддесін қорғаған қайсар азамат ретінде таныды. Алайда Мұхтар Шахановтың ел біле бермейтін, көп айтыла бермейтін қырлары да аз емес. Ол – ән мәтіндерінің авторы, сазгер, түркі халықтарын жақындастырған тұлға, достыққа адал азамат және адамгершілікті өмірлік ұстанымына айналдырған дара ақын болды.

### Ел біле бермейтін қыры

Көпшілік Мұхтар Шахановты жалынды ақын ретінде таниды. Алайда оның көпшілік біле бермейтін тағы бір ерекше қыры – ән мәтіндерінің авторы ғана емес, композиторлық өнерге де жақын болғаны.

Қазақ музыка өнерінің жарық жұлдызы Шәмші Қалдаяқовпен шығармашылық байланысы – өнер тарихындағы ерекше құбылыс. Екеуі бірігіп 16 ән жазған. Бұл әндердің басым бөлігі халық арасында кең тарап, қазақ өнерінің алтын қорына енді.

### Танымал әндері:

«Арыс жағасында»  
«Кешікпей келем деп ең»  
«Ақ бантик»  
«Махаббат елі»  
«Әке туралы жыр»

«Гүл дәурен»  
«Жұбайлар жыры»  
«Мен саған ғашық едім»  
«Айналайын»

Бұл әндер махаббатты, сағынышты, адамдық құндылықтарды, туған жерге деген сезімді жырлайды.

### Ақынның өзі бір естелігінде:

Мен нота білмеймін. Бірақ менің 60-қа жуық әнім бар екен. Жұбайлар жыры білмейтін қазақ жоқ шығар, – деп қарапайым ғана айтқан еді.

### Шәмшімен достығы

Шәмші Қалдаяқов пен Мұхтар Шаханов арасындағы достық ерекше болатын. Бұл – тек шығармашылық одақ емес, шынайы өмірлік бауырластық еді.

Ақынның айтуынша, Шәмші олардың үйінде 11 жыл тұрған. Мұхтардың анасы оларды туған балаларындай көрген.

### Ол кісі:

Үш балам бар. Үлкені – Шәмші Қалдаяқов, ортаншысы – Төлеген Айбергенов, кенжем – Мұхтар Шаханов, – деп айтқан екен.

Бұл сөздің өзінен сол заман өнер адамдарының өзара сыйластығы мен рухани жақындығы байқалады.

Түркі дүниесін табыстырған тұлға Мұхтар Шаханов тек қазақ халқының ғана емес, күллі түркі әлемінің ортақ перзентіне айналды. Оның Шыңғыс Айтматовпен достығы – әдебиет тарихындағы жарқын құбылыс. Екі алып қаламгердің рухани үндестігі нәтижесінде «Құз басындағы аңшының

зары» («Исповедь на вершине») атты әйгілі еңбек дүниеге келді.

Шаханов қырғыз халқының мәдениетін, тарихын, әдебиетін жоғары бағалап, екі ел арасындағы рухани байланысқа көп еңбек сіңірді. Осы еңбегі үшін Қырғыз Республикасының халық ақыны атағы берілді.

### Отты жырлары

Мұхтар Шаханов шығармалары өткірлігімен, тереңдігімен ерекшеленді. Оның көптеген өлең жолдары халық аузында нақыл сөздей жатталып қалды.

Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда,  
Үлкен бақыт табу үшін ғаламда,  
Үлкен болып қалу үшін ғаламда,  
Үлкен арман керек екен адамға.  
Бұл шумақ – ақынның бүкіл өмірлік ұстанымын танытады.

Ғашықтықпен өткен күндер ғана өмір,

### Ал қалғаны жай күндер.

Махаббатты адам ғұмырының мәні санаған ақын сезім тазалығын ерекше бағалады.

Өз пікірі жоқ еркектен Қорқу керек қашанда!  
Бұл жолдар азаматтық ұстаным мен тұлғалық еркіндіктің қаншалық маңызды екенін көрсетеді.

### Адамгершілікке баулыған

**Нағашысы Ысқақ ата**  
Ақын естеліктерінде ерекше аталатын тұлғаның бірі – нағашысы Ысқақ ата. Ол кісі Мұхтардың мінезі мен көзқарасының қалыптасуына үлкен



әсер еткен. Жолда жатқан тасты көрсе, біреу сүрініп кетпесін деп жол шетіне шығарып тастайтын. Өзен тасып, көпірді алып кетсе, өз ағаштарын кесіп, көпір салатын. Ауылда біреу қиналса, ең алдымен сол көмекке келетін.

Оның өмірлік қағидасы:  
Күн сайын ең кем дегенде бір адамға жақсылық жасау, – дейді.

Жас Мұхтар осы тәрбиені көріп өсіп, кейін достарымен бірге осы ұстанымды жалғастырған. Нағашысының соңғы аманаты да терең мәнге ие болды. Ол

Мұхтарға өмір бойы арақтан аулақ болуды өтініп, ақын сол сертінен айнымаған.

Мұхтар Шаханов қай кезде де қоғам мәселесіне бейжай қараған жоқ. Ол елдік мүдде, тіл тағдыры, ұлттық құндылықтар туралы батыл пікір айтты. Ақын халықтың сөзін сөйледі, жоғын жоқтады. Қажет кезде мінберден де, өлеңмен де үн қатты. Сол үшін ел оны тек ақын ретінде емес, күрескер азамат ретінде құрметтеді.

**А. ТІЛЕЙҚЫЗЫ.**

# ПАРТИЯНЫҢ ЖАРШЫСЫ – ПАРТИЙНЫЙ РУПОР

## Как готовить кадры для сельского хозяйства?

Этот вопрос стал ключевым на выездном заседании постоянной комиссии областного маслихата, которое прошло в колледже агробизнеса и сервиса в селе Астраханка и было посвящено обеспечению агропромышленного комплекса квалифицированными кадрами.

Перед началом заседания вместе с коллегами ознакомились с материально-технической базой учебного заведения. Экскурсию провела руководитель колледжа Валентина Путинцева. Нам продемонстрировали учебные лаборатории, мастерские и условия подготовки специалистов, ориентированных на современные требо-

вания аграрного сектора.

Открывая заседание, председатель постоянной комиссии Абилкайыр Ошакбаев подчеркнул, что кадровый дефицит в сельском хозяйстве остается одной из системных проблем. По его словам, между образовательными учреждениями и работодателями невозможно обеспечить тесное взаимодействие.

Об интеграции образования и производства выступил заместитель руководителя управления образования Акмолинской области Валерий Гамазов, отметив, что современная система подготовки кадров должна быть гибкой и ориентированной на практические навыки.



О важности партнерства между колледжами и работодателями рассказала руководитель

Высшего колледжа ветеринарии и биотехнологии Айнура Жансеитова. Депутат областно-

го маслихата, PhD по агрономии Анар Аяпбергенова представила подход к формированию непрерывной системы подготовки кадров - от школы до профессиональной деятельности. Практическим опытом поделился руководитель ТОО «До-стык-06» Мейрам Сагимбаев. Он отметил, что бизнес уже сегодня вынужден самостоятельно участвовать в подготовке кадров. Директор Высшего аграрно-технологического колледжа села Чаглинка Арман Оспанов остановился на современных вызовах системы образования.

Завершая тематическую часть заседания, Валентина Путинцева подчеркнула, что буду-

щее агропромышленного комплекса формируется именно в колледжах. По ее словам, важно не только обучить, но и мотивировать студентов оставаться работать в регионе.

В ходе обсуждения участники сошлись во мнении, что для решения кадровых вопросов необходим комплексный подход. Он должен включать взаимодействие государства, бизнеса и образовательных организаций, а также системные меры по поддержке молодых специалистов.

**К. МЕНДЫБАЕВА, депутат Акмолинского областного маслихата, директор ТОО «ХПП Арна», член партии «AMANAT».**

## Партиялық жобаларды іске асыру: жүйе, сапа және нәтиже

Бұланды аудандық мәслихатындағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының кезекті отырысы аудандық партия филиалында өз мәресіне жетті. Жиын барысында партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру, өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жобалардың орындалуы және алдағы міндеттер кеңінен қаралды.



Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша фракция жетекшісі Раушан Хожабай Түркменбайқызы 2023–2027 жылдарға арналған партияның сайлауалды бағдарламасының Жол картасы индикаторларының орындалуы барысы туралы есеп берді. Оның айтуынша, аудан бойынша бірқатар маңызды көрсеткіштер бойынша оң динамика байқалады. Әсіресе инфрақұрылымды дамыту, халықты жұмыспен қамту және ауылдық аумақтарды қолдау бағытында нақты жұмыстар атқарылуда. Сонымен қатар, кейбір көрсеткіштер бойынша

жұмыстарды жандандыру қажеттігі атап өтілді.

Келесі кезекте жер қатынастары бөлімінің басшысы Арман Данияров «Жер Аманаты» партиялық жобасының 2025 жылғы жүзеге асырылу нәтижелері туралы баяндады. Жоба аясында пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтару, оларды тиімді айналымға енгізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілген. 2026 жылға арналған жоспарларда бұл бағыттағы жұмысты күшейту көзделген.

Ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Азамат Кабдулов «Ауыл Аманаты» жобасының жүзеге асырылуына тоқталып өтті. Оның айтуынша, жоба ауыл тұрғындарының табысын арттыруға, шағын кәсіпкерлікті дамытуға және кооперацияны жолға қоюға ықпал етуде. Алдағы кезеңде жобаның қамту аясын кеңейту, жаңа бастамаларды енгізу жоспарлануда.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Абылай Жа-



купбеков «Қарызсыз қоғам» жобасы бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Бұл жоба халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға, азаматтарды артық несие жүктемесінен қорғауға бағытталған. Өткен жылы аудан тұрғындары үшін оқыту семинарлары мен кеңес беру шаралары ұйымдастырылған.

Жиында сондай-ақ депутаттық сауалдардың орындалуы мен сайлаушылардан түскен ұсыныстар мен өтініштердің жүзеге асырылуы талқыланды. Фракция жетекшісі бұл бағыттағы жұмыстың маңыздылығын атап өтіп, әрбір өтініштің нақты шешімін табуы тиіс екенін жеткізді.

Күн тәртібіндегі соңғы мәселе - аудандық мәслихат депутаттарының халықпен кездесулерінің жаңа форматын бекіту болды. Бұл формат халықпен кері байланысты күшейтуге, тұрғындардың өзекті мәселелерін жедел шешуге мүмкіндік береді. Депутаттардың есеп беру кездесулерін жүйелі түрде өткізу, ашықтық пен қолжетімділікті арттыру негізгі басымдықтардың бірі ретінде белгіленді.

Жиын қорытындысында алдағы кезеңге нақты міндеттер айқындалып, партиялық жобаларды тиімді жүзеге асыру, халықтың әл-ауқатын арттыру бағытындағы жұмыстарды күшейту қажеттігі атап өтілді.

## Партийные проекты: системность, качество и контроль

В районном филиале партии «AMANAT» состоялось очередное заседание депутатской фракции партии в Буландынском районном маслихате. В ходе встречи были рассмотрены вопросы реализации предвыборной программы партии, выполнения социально-экономических проектов и определены приоритетные задачи на предстоящий период.



По первому вопросу повестки дня руководитель фракции Раушан Хожабай Түркменбайқызы представила отчет о ходе исполнения индикаторов Дорожной карты предвыборной программы партии на 2023–2027 годы. По ее словам, в районе наблюдается положительная динамика по ряду ключевых показателей. В частности, ведется системная работа по развитию инфраструктуры, обеспечению занятости населения и поддержке сельских территорий. Вместе с тем отмечена не-



обходимость усиления работы по отдельным направлениям.

Далее руководитель отдела земельных отношений Арман Данияров доложил о реализации партийного проекта «Жер Аманаты» за 2025 год. Как известно, ключевой принцип программы «Жер аманаты» партии «AMANAT» заключается в возврате государству неиспользуемых либо незаконно предоставленных сельскохозяйственных земель с последующим их распределением среди нуждающихся сельских жителей. Данная инициатива направлена на восстановление земельной справедливости: изъятие неиспользуемых угодий у крупных землевладельцев и вовлечение их в хозяйственный оборот. В Буландынском районе

в рамках реализации проекта проведена значительная работа - 20 земельных участков сельскохозяйственного назначения общей площадью 7402 га направлены в уполномоченный государственный орган для проведения проверки в связи с их использованием не по целевому назначению.

Руководитель отдела предпринимательства и сельского хозяйства Азамат Кабдулов рассказал о ходе реализации проекта «Ауыл Аманаты». В рамках программы в 2025 году отделом было принято 6 заявок на приобретение сельскохозяйственной техники и скота. Все заявки были рассмотрены и одобрены на общую сумму свыше 52 млн тенге.

Вопросы повышения финансовой грамотности населения остаются на постоянном контроле партии. Руководитель отдела занятости и социальных программ Абылай Жакупбеков представил отчет по реализации партийного проекта «Қарызсыз қоғам», в рамках которой с февраля 2024 года в области реализуется масштабная программа обучения населения основам финансовой грамотности. По итогам 2024 года соответствующие сертификаты получили 453 человека. В 2025 году проект был усовершенствован: особое внимание уделено работе с гражданами, имеющими просроченную задолженность по банковским займам и микрокредитам свыше 90 дней. Это именно та категория населения, которая особенно нуждается в практических знаниях по управлению личными финансами, планированию бюджета и



рациональному распределению доходов. Данный проект направлен на повышение финансовой грамотности населения и снижение кредитной нагрузки. В течение года для жителей района были организованы обучающие семинары и консультации.

В ходе заседания также были рассмотрены вопросы исполнения депутатских запросов и реализации предложений и наказов избирателей. Руководитель фракции подчеркнула важность системной работы в этом направлении и необходимость оперативного решения обращений граждан.

Отдельное внимание было уделено утверждению и разъяснению нового формата встреч депутатов районного маслихата с населением. Новый подход направлен на усиление обратной связи с жителями, повышение открытости и доступности депутатов, а также на более оперативное решение актуальных вопросов.

По итогам заседания были определены конкретные задачи на предстоящий период. Отмечена необходимость повышения эффективности реализации партийных проектов и дальнейшей улучшения качества жизни населения района.

**А. АМАНЖОЛОВА.**

*Партиялық жобалар - бұл жай ғана бастама емес, бұл халықтың нақты сұранысына жауап беретін жүйелі жұмыс. Бүгінгі таңда жүзеге асырылып жатқан әрбір жоба азаматтардың әл-ауқатын арттыруға, өңірлердің дамуына және әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған.*

*«AMANAT» партиясының міндеті - тек жоспар құру емес, сол жоспардың сапалы әрі толық орындалуын қамтамасыз ету. Осы тұрғыда жүйелілік, ашықтық және тұрақты бақылау ерекше маңызға ие.*

*Әсіресе ауылдық жерлерді дамыту, халықты жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті қолдау бағытындағы жобалардың тиімділігі артып келеді. Бұл - дұрыс бағытта келе жатқанымыздың айқын дәлелі.*

*Сонымен қатар, халықпен кері байланысты күшейту - біздің жұмысымыздың ажырамас бөлігі. Әрбір азаматтың пікірі ескеріліп, нақты мәселелер шешімін табуы тиіс.*

*Қорытындылай келе, партиялық жобалар - ел дамуының маңызды драйвері.*

# ЭЛЕУМЕТТІК ОРТА – СОЦИУМ

## Какую цель преследуют псевдоблогеры?

Сегодня в информационном пространстве мы всё чаще сталкиваемся с явлением, так называемых, псевдоблогеров. На первый взгляд, они позиционируют себя как независимые голоса общества, якобы говорящие «правду». Однако если внимательно посмотреть на их контент, становится заметна одна закономерность: почти исключительно негатив в адрес государственных органов и полное игнорирование позитивных изменений в стране.

В чём же здесь скрытая опасность?

Во-первых, односторонняя подача информации формирует искажённую картину реальности. Любое государство — это сложный механизм, в котором есть как проблемы, так и достижения. Когда же аудитория постоянно показывают только плохое, у людей возникает ощущение безысходности, недоверия ко всем институтам и разочарования в будущем.

Во-вторых, такой контент подрывает общественное единство. Вместо конструктивного диалога и поиска решений людям навязывается позиция постоянного недовольства и противопоставления себя государству. Это создаёт почву для конфликтов и социальной напряжённости.

**Псевдоблогер — это не критик, а манипулятор, который подменяет факты эмоциями.**

В-третьих, отсутствие объективности — главный признак манипуляции. Настоящая гражданская позиция предполагает честный взгляд: и на проблемы, и на достижения. Если же блогер сознательно замалчивает положительные изменения — будь

### СОСТАВ СОВЕТА БИЕВ БУЛАНДЫНСКОГО РАЙОНА:

Бағдат Мұсаұлы  
Мұхамеди Набиұлы  
Балгазин Саят Қайратұлы  
Сайлаубай Рахимжанов  
Жайнарбек Зандыбай  
Төлеу Жақсылықұлы Дюсенбай  
Ойнаров Комнал Ниязулы  
Нұрмағанбетов Әділбек Қалкенұлы.

то развитие инфраструктуры, социальные программы или улучшения в жизни людей — возникает вопрос: а действительно ли его цель — информировать?

И здесь мы подходим к самому главному: какую цель могут преследовать такие псевдоблогеры?

Часть из них стремится к популярности за счёт резонанса — негатив всегда привлекает больше внимания. Другие могут преследовать материальную выгоду, используя хайп и провокации для увеличения просмотров. Но есть и более серьёзный аспект — формирование недоверия к государству и обществу в целом, что может использоваться в чьих-то интересах.

Важно понимать: критика сама по себе необходима. Без неё невозможно развитие. Но критика должна быть конструктивной, честной и направленной на улучшение, а не на разрушение доверия.

Поэтому сегодня особенно важно развивать критическое мышление, уметь анализировать источники информации и задавать простым вопросом: показывает ли нам автор полную картину или только её удобную часть?

Только так мы сможем сохранить объективность, здравый смысл и устойчивость общества в условиях информационного давления.

**Т. ДЮСЕНБАЙ, член Совета биев Буландынского района.**

## Жастарға арналған профилактикалық шара

Бұланды ауданында нашақорлықпен күресуге және халық арасында салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған профилактикалық акция өтті. Жастар ресурстық орталығының қызметкерлері қала көшелерінде ақпараттық парақшалар таратуды ұйымдастырды.

Акция барысында орталықтың еріктілері мен мамандары тұрғындарға, әсіресе жастарға психоактивті заттардың адам денсаулығы мен болашағына тигізетін



зияны туралы еске салды. Ақпараттық парақшада:

- \* Есірткіні қолдану мен таратудың құқықтық салдары;
- \* Қиындыққа тап болғандарға арналған Сенім телефондары;
- \* Зиянды әдеттерге балама — спорт, шығармашылық және белсенді еріктілік туралы мәліметтер болды.

**Бұланды аудандық жастар ресурстық орталығы.**

## Ақмола облысында халықтық Конституцияның маңызы мен «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасының іске асырылуы талқыланды

Көкшетау қаласында «Азаматтық қоғамның халықтың құқықтық сауаттылығын арттырудағы рөлі» тақырыбында облыстық семинар-тренинг өтті.

Аталған мәселенің өзектілігі биылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасының халықтық Конституциясының қабылдануымен айрықша мәнге ие болғаны атап өтілді.

Іс-шара Ақмола облысының ішкі саясат басқармасының тапсырысы бойынша «Зерделі ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі тарапынан ұйымдастырылды. Семинар «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын іске асыру аясында өтіп, құқықтық мәдениетті дамытудағы азаматтық қоғам институттарының рөлін талқылауға бағытталды.

Спикерлер қатарында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Юлия Кучинская, заң ғылымдарының кандидаты, ҚР ҰҚК запастағы полковнигі Аманжол Уразбаев, Ақмола облысы полиция департаменті қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары Ерболат Хусаинов, «AMANAT» партиясының Ақмола облыстық филиалының төрағасы Берген Беспалинов, сондай-ақ Көкшетау қаласы прокуратурасының прокуроры Жибек Кабиратова сөз сөйледі. Модератор ретінде тарих ғылымдарының кандидаты, Ualikhonov university проректоры Ардақ Капышев болды.

Іс-шараға үкіметтік емес ұйымдардың, саяси партиялардың, мемлекеттік органдардың өкілдері және жастар қатысты.

Қатысушыларды Ақмола облысы ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Гульмира Сабирова құттықтады. Оның айтуынша, өңірде «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасының бағыттарын іске асыру бойынша мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының қатысуымен жүйелі жұмыс жүргізілуде.

Мәжіліс депутаты Юлия Кучинская қабылданған Конституция елдің құқықтық және заңнамалық жүйесінің негізі екенін және қазіргі қоғамдық-саяси әрі экономикалық жағдайларға сай келетінін атап өтті.

Семинар аясында үш оқыту секциясы ұйымдастырылды. Қатысушылар құқықтық мәдениетті қалыптастыру, азаматтық белсенділікті арттыру, қоғамдық қауіпсіздікті нығайту, жаңа Салық кодексінің нормаларын түсіндіру, жастар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, сондай-ақ зардап шеккендерді қолдау шаралары мен дағдарыс орталықтарын дамыту мәселелерін талқылады.

Сонымен қатар «ашық микрофон» форматында пікірталас өтіп, қатысушылар сарапшыларға өз сұрақтарын қою мүмкіндігіне ие болды.

Іс-шара қорытындысы бойынша тиісті қарар қабылданды.

**Ақмола облысының ішкі саясат басқармасы.**



## Открываем волшебный мир книг

В Модельной детской библиотеке состоялось торжественное открытие, посвященное Дню национальной книги. Была проведена игровая поляна затей «Открываем волшебный мир книг». В мероприятии приняли участие учащиеся школы-гимназии, школы-лицея имени Балуана Шолака и общеобразовательной школы №1 и №2. Для гостей была подготовлена насыщенная и разнообразная программа, включающая театрализованные постановки, игровые элементы, музыкальные и танцевальные номера. Особенно запоминающимся стало выступление учащихся общеобразовательной школы №1, которые представили инсценировку по мотивам известных сказок. Ребята с большим артистизмом и интересом воплотили образы любимых сказочных персонажей, продемонстрировав свои творческие способности и любовь к литературе. Кроме того, учащиеся активно взаимодействовали с юными зрителями, организовав для детей увлекательные игры, что сделало мероприятие ещё более живым, весёлым и запоминающимся. С музыкальным номером выступила ученица 4 «Б» класса общеобразовательной школы №2 Хасым Айзат, исполнившая песню «Эжем». Особое место в программе мероприятия заняло выступление театральной студии «Фантазёры». В рамках своего выступления студия представила театрализованные постановки сказок «Хитрая лиса» и «Театр Розового слона», которые вызвали большой интерес у зрителей. Праздничную атмосферу дополнило выступление танцевального коллектива «Миллиениум», порадовавшего зрителей динамичным танцем. Мероприятие прошло в тёплой и дружеской атмосфере, способствовало укреплению интереса детей к чтению и книге.

**Г. НУРКИШЕВА, старший специалист Модельной детской библиотеки.**



# Оқырмандардың хаттары – Письма читателей

## Тағдырларын теміржолмен тоғыстырған ағайындылар

Ішкі істер органдарындағы қызмет – үлкен жауапкершілік пен табандылықты талап ететін жол. Ал, теміржол көлігі нысандарындағы қызмет – тәулік бойы қырағылықты, тәртіп пен сабырды қажет ететін ерекше сала. Бұл ортада әрбір шешімнің артында адам өмірі мен қауіпсіздігі тұрады.

Осындай жауапты қызметті таңдағандардың бірі – ағайынды Гарипуллиндер. Бұл отбасының үш ұлы да өз тағдырларын теміржолмен байланыстырған. Әрқайсысы әртүрлі бағытта еңбек еткенімен, барлығының мақсаты – қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету.

Гарипуллин Алтынбек Саябекұлы – Көкшетау станциясындағы көліктегі полиция бөлімінің патрульдік полиция тобының полицейі, полиция аға сержанты. Ол ішкі істер органдарында 2021 жылдан бері қызмет атқарып келеді.

Оның айтуынша, бұл қызметке келуіне ең басты әсер еткен дүниенің бірі – ағасының жолы. Бала кезден құқық қорғау саласына қызығушылығы болғанымен, дәл осы бағытты таңдауға ағасының кеңесі мен үлгісі себеп болған. Әскер қатарынан кейін еш ойланбастан осы қызметке келуі де – соның айғағы.

Патрульдік полиция қызметі – қоғаммен тікелей байланыстағы, аса жауапты бағыттардың бірі. Қызмет барысында қоғамдық тәртіпті сақтау, жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, теміржол аумағында профилактикалық түсіндіру жұмыстарын жүргізу – негізгі міндеттердің қатарында. Әсіресе теміржол – қауіпті аймақ болғандықтан, әрбір қызметкерден жоғары қырағылық пен сабырлық талап етіледі.

Күнделікті қызмет барысында түрлі жағдайлар орын алады. Алтынбек Саябекұлының тәжірибесінде адам өміріне қауіп төнген сәттердің алдын алған жағдайлар да бар. Соның бірі – теміржол өткеліндегі көпірден секірімек болған азаматшаны дер кезінде тоқтатып қалу. Мұндай сәттерде жылдам шешім қабылдау мен психологиялық дайындық аса маңызды.

Ол үшін полиция қызметкерінің басты қасиеттері – сабырлық, сенімділік және адамдарға көмектесуге дайын болу. «Полиция қызметкері – қоғам үшін үлгі болуы тиіс», – дейді ол.

Алтынбек Саябекұлы үшін ағасының жолы

– үлкен мотивация. Бүгінде полиция капитаны Ақкөл станциясындағы көліктегі полиция бөлімшесін басқарып отырған Гарипуллин Айдос Саябекұлы да қызмет жолын дәл осы патрульдік полиция бағытынан бастаған. Жылдар бойғы еңбек пен табандылықтың арқасында басшылық деңгейге дейін көтерілген.

Осылайша, ағасының жүріп өткен жолы Алтынбек үшін бағыт-бағдар болып табылады. Қазіргі таңда аға сержант болса да, алдағы уақытта кәсіби тұрғыда өсіп, жоғары нәтижелерге жетуге деген мақсаты айқын.

Гарипуллиндер әулетінің ортаңғы ұлы да теміржол саласында еңбек етеді. Ол құқық қорғау органдарында қызмет атқармаса да, теміржол жүйесінде жұмыс істей отырып, осы саланың



тұрақты қызмет етуіне өз үлесін қосып келеді.

Осылайша, үш ағайынның өмір жолы бір арнада тоғысып, теміржолмен тығыз байланысқан. Әрқайсысы өз бағыты бойынша еңбек ете отырып, қоғам қауіпсіздігіне үлес қосуда.

Теміржол – бұл тек қозғалыс емес. Бұл – тәртіп. Бұл – жауапкершілік. Бұл – адамнан темірдей мінезді талап ететін орта. Осындай талаптарға сай бола отырып, Гарипуллиндер әулеті өз қызметтерін адал атқарып келеді.

**Т. ЖҰМАДИЛЛАЕВА, Көкшетау ст. Көліктегі полиция бөлімі Ақпараттық саясат тобының инспекторы, полиция лейтенанты.**

## Одна дорога – одна судьба: история братьев Гарипуллиных

Железная дорога не прощает невнимательности. Здесь всё подчинено точности, порядку и ответственности. Каждый день через вокзалы проходят сотни людей, и за их безопасность отвечают те, кто трудится в системе железнодорожного транспорта и транспортной полиции.

Среди них – братья Гарипуллины, которые связали свою жизнь с одной сферой, но выбрали разные пути служения. Их объединяет не только родство, но и общее понимание долга, ответственности и значимости своей работы.

Алтынбек Саябекович Гарипуллин – старший сержант полиции, полицейский группы патрульной полиции отдела полиции на транспорте на станции Кокшетау. В органах внутренних дел он служит с 2021 года.



По его словам, выбор профессии во многом определил пример старшего брата. С детства он проявлял интерес к службе, но именно жизненный путь и поддержка брата стали тем ориентиром, который помог принять окончательное решение. После службы в армии он без колебаний пришёл в полицию, продолжив семейную линию.

